8D01502 - Информатика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Студентке бағытталған оқыту тәсілі жағдайында болашақ информатика мұғалімдерін даярлаудың әдістемесін жетілдіру» тақырыбындағы Умирзакова Жанат Серикбайқызының диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Ақпараттық технологиялардың дамуы мен жедел өзгеруі болашақ информатика пәнінің мұғалімдеріне жаңа талаптар қояды. Бұл тұрғыда Умирзакова Жанаттың зерттеу жұмысы айрықша маңыздылыққа ие, себебі ол студентке бағытталған оқыту тәсілін қолданып, болашақ информатика мұғалімдерін даярлау әдістемесін жетілдіру мәселесін қарастырды.

Диссертациялық жұмыстағы ғылыми жаңалық бірнеше маңызды аспектілерден көрінеді. Біріншіден, болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда студентке бағытталған оқыту тәсілі алғаш рет кешенді түрде қарастырылып отыр. Ұсынылып отырған әдіс педагогикалық ғылымда соңғы жылдары кеңінен талқыланып жүргенімен, нақты пәндік салаларда қолдану мен жетілдіру мәселелері жеткілікті түрде зерттелмеген. Диссертант өзінің зерттеу жұмысында студентке бағытталған оқыту әдістерінің тиімділігін теориялық және тәжірибелік тұрғыда дәлелдеп, информатика мұғалімдерін даярлау үдерісіне пайдалануда нақты ұсыныстар жасаған.

Екіншіден, зерттеуде заманауи оқыту технологияларын қолдану мүмкіндіктері жан-жақты талқыланып, оларды болашақта информатика пәнінің мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы ықпалы зерттелген. Осылайша, диссертант білім беру үдерісінде инновациялық тәсілдерді қолданудың ғылыми негіздемесін ұсына отырып, болашақ мамандарды даярлаудың әдістемесін байытады.

Информатика пәні мазмұны жағынан күрделі және үнемі жаңарып отыратын сала болғандықтан, оны оқытудың әдістемесін үнемі жетілдіруді қажет етеді. Бұл ретте, диссертант студенттерді пәнге қызықтыру, олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу материалдарын меңгеруін қамтамасыз ету үшін студентке бағытталған әдістердің тиімділігін дәлелдейді.

Диссертациялық жұмыста төмендегідей маңызды ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген:

– Болашақ информатика мұғалімдерін даярлаудағы студентке бағытталған оқыту әдістемесінің орны анықталған;

– Информатика пәнінің ерекшеліктері мен студенттің қажеттіліктерін ескере отырып, осы пән мұғалімдерін дайындаудың студентке бағытталған әдістемесін жасалған;

– Болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда студентке бағытталған оқыту әдістемесінің моделі жасалған;

– Студентке бағытталған оқыту тәсілін жетілдіру жағдайында инновациялық технологияларды пайдаланып, кері байланыс орнату және

топтық жұмысты ұйымдастыру тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы дәленденген.

Жұмыста болашақ информатика мұғалімдерін кәсіби даярлауды жетілдіру мақсатында кері байланыс арқылы студентке бағытталған оқыту механизмдерінің оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жүйесі жасалып, топтық жұмысты ұйымдастыру негізінде оқыту үдерісін оңтайландырудың педагогикалық принциптері айқындалған.

Кері байланыс студентке бағытталған оқыту тәсілінің негізгі компоненттерінің бірі ретінде білім беру үдерісінде маңызды рөл атқарады. Диссертацияда кері байланысты орнату механизмдері оқу үдерісінің тиімділігін арттырудың негізгі құралы ретінде қарастырылған.

Топтық жұмыс студентке бағытталған оқыту тәсілінде маңызды орын алады, себебі ол студенттердің әлеуметтік дағдыларын, бірлесе жұмыс істеу қабілетін және шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді. Бағдарламалау тілдерін топтық жұмыспен оқыту студенттердің ынтымақтастығын арттыруға, тәжірибе алмасуға және практикалық дағдыларды бірлесе меңгеруге мүмкіндік беретін тиімді әдіс болып табылады, бұл үдеріс барысында әрбір қатысушы нақты рөлдер мен міндеттерді орындау арқылы өз білімін тереңдетіп, топ ішінде проблемаларды шешу және программалық кодты оңтайландыру қабілеттерін дамытады.

Ұсынылған әдістеме жоғары оқу орындарындағы педагогикалық білім беру бағдарламаларын жетілдіруде, әсіресе информатика мұғалімдерін даярлауда қолдануға жарамды. Әдістеме білім беру саласында практикалық маңызға ие, себебі ол студенттердің шығармашылық қабілеттерін, сыни ойлауын, IT құралдарын қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері электрондық оқыту жүйесін жетілдіру мен интерактивті білім беру технологияларын енгізуге ықпал етеді.

Зерттеуде келтірілген эксперименттік деректер ғылыми дәлелденген және олардың тиімділігі іс жүзінде расталған. Эксперимент барысында болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға бағытталған студентке бағытталған оқыту тәсілінің әсері жан-жақты зерттеліп, статистикалық мәліметтермен дәлелденген. Эксперимент нәтижелері бойынша студенттердің академиялық үлгерімінің артуы мен оқу материалдарын игерудегі мотивациясының жоғарлағанын аңғаруға болады.

Диссертациялық жұмыста әзірленген ғылыми-әдістемелік ұсыныстар білім беру үдерісін жетілдіруге үлкен үлес қосады. Диссертант студентке бағытталған оқыту әдістерін информатика пәнін оқытуда тиімді қолдану үшін нақты ұсыныстарды қарастырған. Әсіресе, білім беру бағдарламаларын құру барысында заманауи педагогикалық, инновациялық технологияларды енгізу және оқыту үдерісін студенттердің жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне бейімдеу қажеттілігі айқындалған.

Зерттеу жұмысы жоғары оқу орындарындағы педагогикалық үдерісті жаңғыртуға, сонымен қатар болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған әдістемелік құрал ретінде қолданыла алады.

Умирзакова Жанат Серикбайқызының «Студентке бағытталған оқыту тәсілі жағдайында болашақ информатика мұғалімдерін даярлаудың әдістемесін жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мазмұны жағынан терең әрі құрылымды, заманауи ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы жоғары, бұл жұмыс болашақ информатика мұғалімдерін даярлау әдістемесін жетілдіруге үлкен үлес қосатынын көрсетеді. Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелері ғылыми басылымдарда жарияланды, оның ішінде үш мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарында, біреуі жоғары рейтингті Scopus базасына енетін журналда (процентилі – 98%) жарияланды және ЖОО оқу үдерісіне енгізілді.

Ғылыми жетекші ретінде Умирзакова Жанат Серикбайқызының диссертациялық жұмысына жоғары баға беремін және оның 8D01502-Информатика білім беру бағдарламасы бойынша PhD дәрежесін алуға лайықты деп санаймын. Ж.С.Умирзакованы ғылыми диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынамын.

Ғылыми жетекші
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Компьютерлік ғылымдары
кафедрасының профессоры, п.ғ.д. Керімбаев Н.Н.

ЗАВЕРЯЮ
«26» 11 24

«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ»
NON-PROFIT JOINT-STOCK COMPANY «AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY»
ӘЛ-ФАРАБИ
БИН 990140001154